



Ахметов Сұлтанғали

1912 жылы 1 қыркүйекте Торғай уезінің Қайдауыл болысына қарасты Обалы қонысында (Жайықбай обалысы) дүниеге келген. Әке-шешесі орта шаруа болған. Сұлтанғали ауылы 1916 жылы Ұлт азаттық көтерілісіне белсене араласқан өңірде болғандықтан ауыл азаматтары қару ұстап, ат үстінде болған. Торғай аймағын жайлаған алапат аштық малды ауыл Жыланшық бойын ерекше қамтыған. Оның себебі: 1930 жылдың соңы мен 1931 жылдың басында Советтік жүйе жекенің малын, қолда бар азық-түлік еріксіз тартып алып, қыс айларында аш қалдырған. Содан аш халық жаппай өлім құшқан. Тірі қалған Қарақұм арқылы Сыр бойна шұбырған. Соның бірі Сұлтанғалидың ата-анасы мен тірі қалған ағайындары. Оның ішінде Қарқабат балалары мен Аймағанбет балалары болды. Олар жаяу азып Сырға жеткенімен жағдай болмай Мақтарал ауданының ауылдарына жетіп, бір қатары аман қалыпты. Соның бірі Сұлтанғали ағасы Әбсұлтан 1936-1939 жылдары Жамбыл педагогикалық училищесіне оқуға түскен Сұлтанғали мұғалімдік білім алып, еңбек жолын Жамбыл қаласында бастаған. 1940 жылы кезекті армиялық шақыруға ілігіп, 1942 жылдың ақпан айында майданға аттанған. 72-ерекше рота құрамында соғысқан. 1945 жылдың қыркүйек айында Мақтаралдағы туыстарына оралған. Сол ауданда ұстаздық жұмысын жалғастырады. 1954 жылға дейін сол ауданда ұстаз болған. 1954 жылы Амантоғайға көшіп келіп, Амантоғай жеті жылдық

мектебіне ұстаз болып орналасқан. 1992 жылға дейін мектепте ұстаздық етіпті. Зейнетке шықса да ұстаздық жұмысын үзбеді. 1995 жылы 13 қараша айында дүниеден өтті.



